



ШЫНДЫҚҚА АПАРАТЫН БІРДЕН-БІР ЖОЛ – ҒЫЛЫМ ЖОЛЫ

# Ясауи университеті

a.yassau@mail.ru

университет студенттерінің үні

№04-05(545) 13 мамыр 2024 жыл

## БҮГІНГІ НӨМІРДЕ

### ОҚУ ОРДАМЫЗҒА ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРІ КЕЛДІ

Министр Ақмарал Әлназарова оқу ордамыздың Клиника-диагностикалық орталығын аралап, жұмысымен танысты.

Таныстыруға университеттің басшылық құрамы мен Клиника-диагностикалық орталық қызметкерлері мен дәрігерлері, Медицина факультетінің оқытушы-профессорлар құрамы қатысты.

2 БЕТТЕ

### ӨМІРДЕ АҚЫНДАРДЫҢ БӘРІ ЖАЛҒЫЗ

Жанына жұбаныш сыйлады, сырлы сезімдері мен барлық жан дүниесіндегі мұңдарды жеткізе алатын баға жетпес қазынасы болды.

3 БЕТТЕ

### ФРОНТОВАЯ И ТРУДОВАЯ ДОБЛЕСТЬ

В этом году нашему любимому отцу и деду исполнилось бы 100 лет. Вот уже четверть века его нет с нами. Он умер от болезней, ставших последствиями ранений, полученных в ожесточенных боях с немецкими захватчиками.

4 БЕТТЕ

### ЖЕҢІС КҮНІ - ТАРИХТАН СЫР ШЕРТЕДІ

Қазақ ел басына күн туғанда жалғыз жанын күшүберекке түйген жауынгер халық болған. Ұлан байтақ даласының бір тұтам жері үшін қорқу деген сезімді жүрегінен жұлып алып тастаған. Тіпті арыға бармай-ақ кешегі Ұлы Отан соғысының әлі сарғайып үлгермеген қатпарлы парақтарына үңіліп қарасақ қазақтардың қанды қырғында қаймықпай соғысқанына анық көзіміз жетеді.

8 БЕТТЕ



## ҚҰРМЕТТІ ДОСТАР, ҚЫМБАТТЫ ӘРІПТЕСТЕР, СҮЙІКТІ СТУДЕНТТЕР!

Баршаңызға 9 мамыр - Жеңіс күні құтты болсын!

Бүгін - тек мереке емес, батыр ата-баба мен апаларымыздың рухына тағзым ететін күн! Олар қан майданда толарсақтан саз кешіп, жанкешті қаһармандылығымен өр ерліктің үлгісін көрсете білді.

Сұрапыл соғыс майдан даласында да, тылда да ешкімді аямады. Десе де, қайтпас қайсарлық мен батырлықты бойына жинаған қазақ халқы ел басына күн туғанда алдыңғы шептен көрініп, жауға қасқайып қарсы тұрды. Бүгінде жаужүрек соғыс және тыл ардагерлерінің саны едәуір азайды, бұл әрине баршамыздың жанымызға батады. Бірақ олардың жасаған көзсіз ерлігі ұрпақ санасында мәңгі қалмақ! Біз батырларымызды ешқашан ұмытпаймыз!

Келешек ұрпағымыз ашық аспан астында бейбіт өмір кешсін! Халқымыз аман, еліміз тыныш болсын!

Құрметпен, ректор  
ЖАНАР ТЕМІРБЕКОВА

## ЕЛІМІЗДІҢ ТҰҒЫРЫ БИІК, ТӘУЕЛСІЗДІГІ МӘҢГІЛІК БОЛСЫН!

Бізден бұрын қаншама ұрпақ ауыспады. Небір нәубет заманды халқымыз басынан кешпеді десеңізші. Арғысын айтпағанның өзінде Ұлы Отан соғысының өзі халқымызға зор алапат зиянын тигізді. Қаншама ұл-қыз әкесіз, қаншама отбасы аяулы жанынан ажырап қалды емес пе?! Біз соғысты көрген жоқпыз. Алайда оның салған жарасын естіп өстік. Аядай ғана ауылда туып-өссем де, сол аймақтың өзінде тіптен әр үйде бір соғыс ардагері болушы еді. Кейбір ата-ағалардың соғыста қаза тапқанын білдік. Аман-есен қайтып келгендер арасында бір аяқ-бір қолдан айырылып жаралы оралған жандар да бар еді. Ұлтарақтай жердің амандығы мен ел тәуелсіздігі жолында қаза тапқан аталар рухына мың тағзым етіміз. Соның арқасында осынау Атыраудан Алтайға дейінгі атырап даланы аман алып қалды десек болады. Бүгінгі таңда Қазақстан – көпұлтты, көп этнос қоныстанған ел. Олар да бірлік пен теңдікте, ынтымақтастық пен ауызбіршілікте өмір сүруде. Еліміз сыртқы елдермен де, шекаралас көршілерімен де келісімде, бітімде болуға тырысады. Аймақта тұрақтылыққа қол жеткізгісі келеді. Ғаламдық тұтастық пен бүкіләлемдік бейбітшілік орнағанын қалайды. Яғни, қазақ халқы атам заманнан бейбітшілік пен тұрақтылыққа ұмтылған ұлт ретінде әлі күнге дейін сарабдал, мәмілегерлік саясат ұстануды құп санайды.

1941-1945 жыл аралықтарында болған Ұлы Отан соғысында 600 мың қазақстандық қаза тауып, тек 500 адам елге оралып, батыр атанған болатын. Батырларымыздың әрқайсысы ел есінде. Кейде соғыс деген сөзден жаным түршігеді, не деген ауыр, не деген қиын сөз еді. Қазіргі тыныш, бейбіт заман үшін ата-бабамызға мың алғыс.

Ұлы Отан соғысының аяқталғанына да биыл міне 79 жыл уақыт болыпты. Тәуба! Жыл сайын 9-мамыр күні жеңіс күні ретінде тойланады. Бұл мереке әр қазақстандық үшін ерекше күн. Жеңіс күні құтты болсын! Еліміз аман, жұртымыз тыныш «қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған заман» болсын!

Елімізде соғыс өрті болмасын. Тәуекелге бел буып, игі істерге бастама болатын, жақсылыққа үнін қосатын, Азаматтар қашанда жалындасын, жасасын! Ел шетіне жау келсе, атқа мінер атой сап, ел тірегі жігіттердің әрқашан да жігері оттай жалындасын!

Жанар Ұласбекқызы,  
Журналистер одағының мүшесі

## АҚПАРАТТАР АҒЫНЫ

## ОҚУ ОРДАМЫЗҒА ҚР ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРІ КЕЛДІ

Университетімізге Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова Түркістан облысына жасаған іс-сапары барысында арнайы келді.

Министр Ақмарал Әлназарова оқу ордамыздың Клиника-диагностикалық орталығын аралап, жұмысымен танысты. Таныстыруға университеттің басшылық құрамы мен Клиника-диагностикалық орталық қызметкерлері мен дәрігерлері, Медицина факультетінің оқытушы-профессорлар құрамы қатысты.

Министр Клиника-диагностика орталығындағы озық технологиялармен қамтамасыз етілген бөлімдерін аралады. Атап айтқанда: Қалпына келтіріп емдеу және медициналық оңалту бөлімі, Микробиология лабораториясы, Адам мофологиясы және физиологиясы кафедрасының жұмыстарын көрді.

Сондай-ақ, университетіміздің Медицина факультетінің студенттеріне арналған мол мүмкіндіктері, клиниканың алдағы уақыттағы жоспарлары мен жаңа жобаларын тыңдап, жоғары бағасын берді.

Министр Ақмарал Әлназарова оқу орда мен Клиника-диагностикалық орталығының ісіне сәттілік тіледі.



## ӨНЕРПАЗДАРЫМЫЗ ЖҮЛДЕМЕН ОРАЛДЫ

Мамыр айының 1 мен 7 күндері аралығында Өзбекстанның Сурхандария облысында өткен «Байсун бахари» халықаралық фестиваль-конкурсы өтті.

Әйгілі «Алпамыс батыр» жырында қасиетті мекен ретінде аталатын «Жиделі Байсын» жерінде екінші рет ұйымдастырылған фольклорлық фестивальға оқу ордамыздың «Бисұлтан» би тобы мен әнші, күйші өнерпаздары қатысты.

Қазақстан Республикасы атынан қатысқан біздің университеттің өнерпаздары 10 мемлекет (Ресей, Белорус, Тәжікстан, Қырғызстан, Индия, Бразилия, Өзбекстан, Қазақстан, Түркия, Мажарстан) өнерпаздары ішінен жүлделі 3-ші орынға ие болды.

Жеңімпаз өнерпаздарымызды шын жүректен құттықтаймыз!



## ЯСАУИ ОЛИМПИАДАСЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ МАРАПАТТАЛДЫ

Оқу ордамызда Ясауи олимпиадасының жеңімпаздарын марапаттау рәсімі өтті.

Жеңімпаздар құттықтау үшін университет ректоры Жанар Темірбекова, ректор өкілінің міндетін атқарушы Наджи Генч, әлеуметтік-мәдени даму вице-ректоры Асқар Тұрғанбаев арнайы келді.

Жалпы 1888 адам қатысқан олимпиада екі кезең бойынша өтті. Екінші кезеңге жолдама алған 772 түлектің ішінен жүзден жүйрік шыққан 105 талапкер университетімізде квота негізінде тегін білім алу мүмкіндігі бұйырды.

Ректор Жанар Амангелдіқызы өзінің құттықтау сөзінде: «Өздеріңізде жақсы білетіндей, университетіміз құрылған жылдан бастап, өңіріміздегі ең жоғары, халықаралық деңгейдегі оқу орнына айналды. Жас таланттарды, ең жақсы оқитын балаларды әрдайым өзіне шақырып, үлкен жұмыстар атқарып келеді.

Жыл сайын университетімізге Түркия Республикасы тарапынан 500 түрік квотасы бөлінеді. Оның ішінде арнайы – 100 орын бар. Ол, сіздер қатысқан – Ясауи олимпиадасының жеңімпаздарына беріледі. Сіздер мектепте оқып жүріп, университеттің ішкі грантын иеленуге мүмкіндік алдыңыздар. Бұл өте жақсы дүние, баршаңызға құтты болсын», - деді.

Сонымен қатар, ректор болашақ студенттерге түрік квотасында оқып жүріп, грант ұтқан студенттердің көп екенін айтты. Оқу ордада шын білімдінің алар асуы мен оған ұсынылатын мол мүмкіндіктер туралы тарата айтты. Барлық қатысушыларды құттықтап, мамандық таңдау жолында сәттілік тіледі.

Келесі кезекте, профессор Наджи Генч те өзінің құттықтау тілегін жеткізді. Түркі әлемі жастарының басын қосқан университет – студенттерге сапалы білім беретін, мол мүмкіндіктер алаңы екенін айтты.

Айта кетейік, аталмыш олимпиадаға 2023 жылы 1505 адам тіркелген еді. Бұл көрсеткіштің жыл санап ұлғайып келеді.

# ӨМІРДЕ АҚЫНДАРДЫҢ БӘРІ ЖАЛҒЫЗ

Бар ғұмырын поэзия атты асылға арнаған Фариза Оңғарсынованың өнегелі өмірі, қазақ әдебиетіне қосқан орасан зор үлесі барша қазақ елінің жадында мәңгі сақталары анық. Фариза Оңғарсынова қазақ поэзиясына өз қолтаңбасын қайталанбас туындылары арқылы қалдырған біртуар тұлға. Ол кісінің өлеңдерінен ғасырлар мен жылдарға созылған шерлі мұң мен қайыспас қайсар рух алуға болады.

Ақын жанының әрқашан жалғыз болатыны, оған тек жүрегі мен жанынан шыққан өлең атты құндылықтың маңызды екенін осы қазақтың ақын қызының бақытсыз тағдырынан ақ біле аламыз. Әр өлеңі оның жанына серік, көңіліне демей болды. Өлеңмен дүние есігін ашып, өлеңмен көз ілген, таң шапағын да осы өлеңмен қарсы алған, ұйқысыз, жалғыз сәттерінің бәрін өлеңге арнаған, мәңгілік сапарға да өлеңмен аттанған ақын қыздың сәулелі ғұмыры көз алдымызда от болып, қайта сөніп қалған шырақ секілді жарық әрі мұңлы. Ақынның досы да, қасы да, отбасы да жалғыз бір өлең. Сонымен өмір сүріп, сонымен көңіліндегі жараға ем тапты. Тек осы өлең ғана оның өмірлік мақсатына айналды. Жанына жұбаныш сыйлады, сырлы сезімдері мен барлық жан дүниесіндегі мұңдарды жеткізе алатын баға жетпес қазынасы болды.

Ақын жайлы қысқаша мәлімет беріп кететін болсақ.

Фариза Оңғарсынқызы Оңғарсынова 1939 жылдың 25 желтоқсанында Атырау облысы, Новобогат ауданына қарасты Манаш ауылында дүние есігін ашты. 1961 жылы Атырау мемлекеттік педагогикалық институтының филология факультетін қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша тәмамдап шығады. Әкесі Иманғали Оңғарсын, анасы Халима Иманғалиева көзі ашық, көкірегі ояу кісілер болған. Орталарының сыйлы азамат пен азаматшасы бола білген осындай екі жаннан туған ақын қыз жастайынан шығармашылық пен өлеңге жақын болған. Бала күнінен өлең шығарып, қаншама жыр, мүшәйраларға қатысып,

ақындық қабілетін ашып, дамыта білген ақын қыздың ең алғашқы “Сандуғаш” атты өлеңдер жинағы 1958 жылы республикалық баспасөз беттерінде жарық көреді.

Өлеңге деген шексіз махаббатты сезіндіре білген Фариза ақын барша қазақ үшін сырлы да мағыналы поэзияның иесі болып қала берері хақ. Күллі қазақ поэзиясындағы Фариза есімі өрлік пен өрліктің сыршыл сұлулықтың, ұлылықтың символы. Фариза жалғыз болса да, бірегей әрі ұлы жан бола білді. Оның отты жырлары ұлттың қуанышы да,

жұбанышы да, жандарына медеу болатын тірегі де болды. Қазірге дейін сақталған өлеңдері жас ұрпаққа өнеге мен үлгі беретін асыл құндылық. Өлеңдеріне тереңірек үңілсеңіз басқа әлемге сапар шеккендей болатынымыз бекер емес. Әр сөздерінің артында бір мағына, бір жинақталған ойдың жатқандығын кезкелген жан сезіне білмесі мәлім. Ал, егер сезіне білсе одан артық ғажап дүниені байқамас та еді. Ақын қыздың өлеңдерінде әйелдер тақырыбы жиі жырланды. Тек жай жырлап қана қоймай, қазіргі заман талабына сәйкес, астарлы ақиқаттың биік өрісіне лайықтап жырлау Фариза туындыларының маңызды бөлігі. Ақын өлеңдеріндегі ең негізі әрі басты қасиет шындықтың ақ жалауын жоғары ұстайтыны. Оның бұл қасиетін кезкелген туындысынан аңғаруға болады.

Фариза тек ақындық қабілетімен шектеліп қана қоймады. Ол қазақ қоғамы үшін жанын берген қоғам қайраткері, саясат пен халық арасындағы алтын көпірді ұстаушы журналист болды. Ол журналистік қызметін 1966 жылы «Коммунистік еңбек» облыстық газетінің редакциясында әдеби қызметкер болумен бастады. Мақаласындағы әр сөзі нық әрі сенімді жазылған Фаризаның журналистік еңбектері көп қазақ газетінің беттерінде сақтаулы тұр.

Фаризаның махаббат жайлы өлеңдері “ғашықтың тілі тілсіз тіл, көзбен көр де, ішпен біл” деген сөздерге дәлме дәл келетін яғни, мағынасы осы сөздерді меңзеген асқақ туындылар деп білеміз. Махаббаттан жолы болмаған ақын азабы өлеңдерінде сыр шертеді. Бірде оттай шарпып, енді бірде алапат дауылдай теңселтетін махаббат сезімі оның жүрегін жандырмай, жан дүниесін таза ұстап қалуға көмектескен ұлы өлең қандай құдіретті күш десеңші. Ғашығына барлық жауабын ақын өлеңдері арқылы берді.

Сонымен, жан-жақтылық пен жақсылық атаулысының бәрін бір бойына жинақтаған Фариза ақынның еңбек жолы қазақ әдебиетінде өшпес ізгілік пен мәңгі тұтанатын шырақтай сәулелі ғұмыр есебінде қалған бір жұдырық дүние аталды. Артына өлмейтін ғажап туындыларын қалдырған ақын қыз 2014 жылдың 23 қаңтарында дүниеден озды.

“Фариза, Фаризажан, Фариза қыз, Өмірде ақындардың бәрі жалғыз” – деп Мұқағали ақын жырлағандай өлең үшін туған ақын қыз, өлеңді серік еткен ғибратты жан.

Алданыш Олжабаева, студент



ФАРИЗА АПАҒА АРНАУ

А.Леубаева

Айтылмас бүгін мақтаудың, жаттанды сөзбен жауыры.  
Дақпырт пен даңққа жаның қас, біледі қазақ қауымы.  
Нарынның тартқан құмына, намысыңның дауылы.  
Батыстың батыл қызы едің, батырмас қамшы сауыры.

Құмнан құдық іздеген, баяғы Манаш ауылы.  
Қазақтың шөлін басып жүр, жырыңның Апа жауыны.  
Бір үшін емес күресіп, алыстың Апа мың үшін.  
Атыраудың аңызы, Қызылқоғадағы бір ісін.

Киінген қызша Махамбет, қалам ғып ұстап қылышын.  
Айтқан сайын шындықты, ашылды Апа тынысың.  
Талайлардың жауапсыз, сұрағы болған қыз Апа.  
Меңдекештің жырының, мұнары болған қыз Апа.

Мұқағали мұңының, сыңары болған қыз Апа.  
Махиздей асыл ағаның, ұл, қызына мейірім шырағы болған қыз Апа.  
Қазақтың қайсар жырының, шынары болған қыз Апа.  
Өлеңге өмір сыйлаған, бақытты қызсыз сіз Апа!

Светлая память об отцах и дедах навечно останется в наших сердцах.

## ФРОНТОВАЯ И ТРУДОВАЯ ДОБЛЕСТЬ

# КУЛАХМЕТОВ ОМИРЗАК - ЖИЗНЬ, КОТОРОЙ МОЖНО ГОРДИТЬСЯ

В этом году нашему любимому отцу и деду исполнилось бы 100 лет. Вот уже четверть века его нет с нами. Он умер от болезней, ставших последствиями ранений, полученных в ожесточенных боях с немецкими захватчиками.

Когда немецкие оккупанты вероломно напали на нашу Родину, О. Кулахметову было всего 18 лет. Он работал техническим секретарем райкома КП(б) с. Яны-Курган Кызылординской области.



В конце 1942 года распоряжением Яны-Курганского райкома КП(б) Омирзак был направлен на учебу в Гомельское военное минометно-пулеметное училище САВО, которое располагалось в то время в г. Катта-Коргане Самаркандской области Узбекской ССР.

В марте 1943 года по окончании ускоренных курсов подготовки боевых офицеров и получения воинского звания лейтенант О. Кулахметов отправился на фронт командиром расчета 120 мм миномета 11 стрелковой армии Брянского фронта, который дислоцировался в районе Тулы, Калуги и Брянска.

В боях против немецко-фашистских захватчиков дважды был ранен в правое предплечье и находился на лечении в военно-полевом госпитале.

Осенью 1943 года после выздоровления получил направление на курсы усовершенствования боевых офицеров командного состава 2-го Прибалтийского фронта в городе Великие Луки. После окончания курсов и присвоения очередного воинского звания гвардии старший лейтенант был назначен командиром взвода минометного полка в составе 2-го Прибалтийского фронта для продолжения боевых действий против немецко-фашистских захватчиков.

В ходе ожесточенных наступительных боев на территории Латвии и освобождения Риги в декабре 1944 года получил тяжелое ранение осколками немецкого снаряда в кисть правой руки и правую ногу. Лечение в эвакогоспитале Риги до марта 1945 года не позволило фронтовику дальше принимать участие в боях. Решением военной врачебной комиссии он был комиссован по состоянию здоровья для прохождения реабилитации по месту жительства.

За участие в боях против фашистской Германии в период 1942-1945 гг. награжден Орденом Красной Звезды и медалями «За участие в ВОВ», «За отвагу», «За победу над Германией в ВОВ 1941-1945 гг.», юбилейными медалями в честь празднования 20-, 30-, 40-, 50-летия Победы в Великой Отечественной войне.

В 1948 году окончил Высшую партийную школу, в 1949 г. - Кы-

зылординский педагогический институт по специальности история. В 1952 году - Казахский государственный университет им. Кирова по специальности юрист.



В 1945-1950 годах избирался народным заседателем Яны-Курганского районного суда, а в 1950-1955 годах - народным депутатом Яны-Курганского районного совета депутатов трудящихся.

С сентября 1945 года был назначен заведующим отделом социального обеспечения с. Яны-Курган Кызылординской области. В 1947-1950 годах работал заведующим отделом оперативно-финансового учета (Райфинотдел) Яны-Курганского района.

В 1952 году после окончания юридического факультета Казахского государственного университета им. Кирова О. Кулахметов назначен прокурором Кировского района Чимкентской (ныне Туркестанской) области. В разные годы работал помощником прокурора Чимкентской области, следователем прокуратуры, начальником следственного отдела Сарыагашского и Туркестанского РОВД МВД РК. Общий стаж работы в органах составил более 33 года.

В 1985 году в честь празднования 40-летия Победы был награжден орденом ВОВ первой степени и Почетной грамотой Генерального прокурора Казахской ССР Г. Елемесова. В том же году в связи с достижением предельного пенсионного возраста ушел на заслуженный отдых с должности помощника прокурора г. Туркестана.

Омирзак Кулахметов воспитал шестерых детей и 14 внуков. Старшая дочь Дарига Кулахметова-кандидат медицинских наук, доцент, невропатолог, долгое время работала в АГМИ, заведовала частной клиникой.

Средняя дочь Салиха Омирзаковна после окончания Ленинградского Государственного университета с отличием проработала более 30 лет в системе МВД РК, полковник полиции.

Младшая дочь Сара Кулахметова - кандидат технических наук, проделала огромную работу по изготовлению строительных материалов для восстановления настоящего облика памятника музею Х. А. Яссави в г. Туркестане.

Я, средний сын Болат Кулахметов 30 лет преподаю в МКТУ им. Х. А. Яссави, работаю профессором кафедры. Мой научно-педагогический стаж - 44 года.

К сожалению, среди нас уже нет старшего сына Абая, который ушел из жизни еще в студенческие годы, и младшего Мурата, кандидата физико-математических наук.

6 мая 1945г. в ходе уличных боёв Берлина героически погиб старший брат отца майор Кулахметов Отепберген, участник Сталинградской битвы прошедший всю войну, похоронен в братской могиле воинов Красной армии на территории Германии.

Светлая память об отцах и дедах навечно останется в наших сердцах.

**Болат КУЛАХМЕТОВ, сын фронтовика, кандидат педагогических наук, профессор МКТУ им. Х.А.Яссави. Жандаулет БОЛАТОВ, внук фронтовика, докторант, стипендиант Французского правительства университета Экс-Марсель**

## 9 МАМЫР: ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНДА ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖЕҢІСКЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Биыл 9 мамырда Ұлы Отан соғысының аяқталғанына 79 жыл толды. Сұрапыл соғыс жылдары Қазақстанның жеңіске қосқан үлесі туралы көптеген дереккөздерде айтылады. Екінші дүниежүзілік соғыс қалай басталды? 1939 жылдың 1 қыркүйегінде фашистік Германия Польшаға шабуыл жасады. Кейін Англия және Франция бұл мемлекетке қарсы соғыс жариялаған соң, екінші дүниежүзілік соғыс басталды. Ал 1941 жылдың 22 маусымында фашист әскерлері Кеңес Одағына соғыс ашты. Оған әлемнің 72 мемлекеті қатысып, 62 миллион адам ажал құшты.

### БРЕСТ ҚАМАЛЫ

1941 жылдың 22 маусымында фашистік Германия КСРО-ға тиесілі Брест қамалына (Беларусь) шабуыл жасаған соң, Ұлы Отан соғысы басталды. Ресейлік тарихшылардың мәліметіне сәйкес, 1941 жылы қамалды 7 000 сарбаз қорғаған. Оның 1 мыңға жуығы Қазақстаннан барған жауынгерлер. Жау шабуылынан кейін аман қалған Брест қамалының қорғаушылары партизандар қозғалысына қосылды. Олардың қатарында 190 қазақстандық болды. Біразы Беларусь жерінде жерленген.

### ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖЕҢІСКЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

КСРО-да жүргізілген 1939 жылғы халық санағы бойынша Қазақстанда 6,2 миллион адам тұрған. Соғыс жылдары кеңес әскері қатарына 1 миллион 200 мың қазақстандық шақырылды. Оның 601 мыңы туған жерге оралған жоқ.

Қазақстаннан барған әскерлер майдан даласында ерлікпен шайқасты. 100 000-нан астам отандасымыз жауынгерлік ерліктері үшін медаль-ордендермен марапатталды. Шамамен 500 қазақстандық Кеңес одағының батыры, 100-ден астам адам "Даңқ" орденінің иегері атанды. Ал қазақстандық 4 ұшқыш: Талғат Бигелдинов, Леонид Беда, Иван Павлов, Сергей Луганский "Кеңес Одағының батыры" деген құрметті атаққа 2 мәрте иеленді. Қазақстандықтар арасында алғаш болып бұл атақты танк әскерінің генерал-майоры, павлодарлық Кузьма Семаченко (1941 жылдың 22-маусымында) алды. Панфиловшы, полковник Бауыржан Момышұлынан (11 желтоқсан 1991) соң бұл атақ ешкімге берілген жоқ.

Днепр үшін болған шайқаста 18 жастағы Жәнібек Елеусізов қазақтар арасындағы ең жас "Кеңес Одағының батыры" атанды.

Кеңес Одағы батырларының қатарында қазақтың екі батыр қызы: мерген Әлия Молдағұлова мен пулеметші Мәншүк Мәметова да бар.

Ал Рақымжан Қошқарбаев Рейхстагқа Жеңіс туын тіккені үшін "Жауынгерлік Қызыл ту" орденінің иегері болды. 2001 жылы "Халық қаһарманы" атанды.

Ұлы Отан соғысы кезінде Қазақстан армия мен флот үшін офицерлік кадрлар және резервтік күштер дайындауға үлес қосты. 1941-1945 жылдары КСРО-дағы әскери оқу орындарына 42 мыңнан астам жас қазақстандық білім алуға аттанса, нақтыланбаған ақпарат бойынша, Қазақстанның аумағында соғыс жылдары жұмыс істеген 27 әскери оқу орны 16 000 офицер дайындап шығарған.

### ПАРТИЗАНДЫҚ СОҒЫС

Қазақстандық сарбаздар жау тылында қоршауда қалып, партизандық күреске араласқан. Ұлы Отан соғысы жылдары 3 500 қазақстандық партизан отрядтары қатарында болды деген мәлімет бар.

Тарихшылардың айтуынша, олар Украина мен Беларусь елдерінің батыс аудандарында, Молдавия мен Балтық жағалауларында фашистік Германияға қарсы соғысқан. Олардың ішінде Қасым Қайсенов, Тоқтағали Жанкелдин, Әди Шәріпов, Сәтімбек Төлешов, Нұрым Сыдықов, Ғалым Омаров, Ғалым Ахмедияров сынды батыр партизандармен қатар Нұрғаным Байсейітова, Тұрғаш Жұмабаева, Жамал Ақәділова есімді қазақ қыздары да жау әскерлеріне қарсы күрескен.

### ТЫЛ ЕҢБЕККЕРЛЕРІНІҢ ЕРЛІГІ

Соғыс кезінде Қазақстан 30,8 миллион пұт астық, 14,4 миллион пұт картоп және көкөніс, 15,8 миллион пұт ет, 3 млн 194 мың центнер сүт, 17,6 мың центнер жүн, 2,5 млн дана жылы киім және басқа да өнімдерді майдан даласына жіберді. Қазақстандық тыл еңбеккерлері майданға 110 000-нан аса жылқы, жаудан азат етілген аудандарға саны 500 000-нан асатын мал жіберген.

СҰРАПЫЛ СОҒЫС ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ӨНЕРКӘСІП  
Фашистік Германия КСРО-ның батыс аудандарын басып алған соң, 1941-1945 жылдары Сібір мен Қазақстан негізгі әскери-өнеркәсіп базасына айналды.

Ұлы Отан соғысының алғашқы айларында кәсіпорындардың барлығы тылға көшіріле бастады. Қысқа уақыт ішінде Қазақстанның аумағына 142 кәсіпорын орналастырылып, қазақ жеріне 532 мың 506 адам көшірілді.

### ДАҢҚТЫ БАТЫР БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ ТУРАЛЫ НЕ БІЛЕМІЗ?

1,5 жылдың ішінде елімізде 25 кен орны мен шахта, 11 кен байыту фабрикасы, 19 жаңа көмір шахтасы, 3 разрез, 4 жаңа мұнай кеніші, Атыраудағы (Гурьев) мұнай өңдеу зауыты іске қосылды.

1942-1943 жылдары Мақат-Орск, Ақмола Магнитогорск темір жол желілерінің құрылысы аяқталды.

### "БӘРІ ДЕ МАЙДАН ҮШІН, БӘРІ ДЕ ЖЕҢІС ҮШІН!"

Ұлы Отан соғысы кезінде Қазақстан жалпыодақтың мыс құймасының 30%, марганец кенінің 60%, мыс кенінің 50%, металл висмуттың 65%, полиметалл кендерінің 70%, мырыш өнімінің 85% өндірді.

Астанадағы Рақымжан Қошқарбаевтың ескерткіші - Sputnik Қазақстан

### РЕЙХСТАГҚА ЖЕҢІС ТУЫН ТІККЕН РАҚЫМЖАН ҚОШҚАРБАЕВ ТУРАЛЫ НЕ БІЛЕМІЗ?

Қорғаныс өнеркәсібіне қажетті мыстың үштен бірі қазақ жерінде өндірілді. Сондықтан жауға атылған 10 оқтың тоғызы Қазақстандағы Шымкент қорғасын зауытында құйылды.

Елімізде танк және ұшақ жасауға ақша жинау қозғалысы ұйымдастырылды. 1941 жылдың күзінде Бүкілодақтық лениндік коммунистік жастар одағы атындағы танк дивизиясын құруға қаржы жинауды басталды.

Бір жылдың ішінде қазақстандық комсомолдар кеңес әскеріне 45 жаңа танк жіберді. Кейін халық қаражатына тағы 10 танк колоннасы, бірнеше авиациялық эскадрилия, торпедо катерлер мен атаулы ұшақтар жасалды.

1941-1945 жылдары Қазақстан халқы соғыс техникаларын жасауға 480,3 миллион рубль жинап берді.

### ӘКЕСІН ҚҰТҚАРУ ҮШІН МАЙДАНҒА АТТАНДЫ: МӘНШҮК МӘМЕТОВА ТУРАЛЫ НЕ БІЛЕМІЗ?

Ұлы Отан соғысы уақытында еліміздегі көптеген кәсіпорындар қорғаныс өнімдерін шығарды.

Ер азаматтардың басым бөлігі әскер қатарында болғандықтан, зауыттарда әйелдер, қариялар, жасөспірімдер еңбек етті. Еңбек тәртібі күшейтілді, жұмыс уақыты ұзартылды. Қазақстан халқы "Бәрі де майдан үшін, бәрі де Жеңіс үшін!" деген ұранмен жеңіс үшін тер төкті.

### ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ ЖЫЛДАРЫ ҚАЗАҚСТАНҒА КӨШІРІЛГЕН ӨЗГЕ ҰЛТ ӨКІЛДЕРІ

1941 жылы республикаға 300 мыңнан астам неміс жер аударылса, 1943 жылы күзінен 1944 жылға дейін Қазақстанға 507 480 адам күшпен көшірілді. Олардың ішінде 45 500 қарашай, 406 000 шешен мен ингуш, 21,150 балқар, 2 200 қалмақ, 4 500 қырым татарлары, 27 600 месхет түріктері және басқа да ұлт өкілдері болды.

Сонымен қатар Қазақстанның ақын-жазушылары өз шығармалары арқылы халықты фашистік басқыншыларға қарсы күресуге шақырды. 50-ден астам қазақстандық жазушы соғысқа аттанды. Ақын Жамбыл Жабаевтың "Мәскеу", "Ленинградтық өрендерім", "Отан бұйрығы" атты өлеңдері кеңес халқын рухтандырды.

### 9 МАМЫР – ЖЕҢІС КҮНІ

Ұлы отан соғысы 1945 жылы 8 мамырда Берлин түбіндегі Карлсхорстта Кеңес Одағы, Америка Құрама Штаттары, Ұлыбритания, Франция алдында фашистік Германия өзінің жеңілгендігі жөнінде актіге қол қойымен аяқталды. 9 мамыр жеңіс күні ретін тойланды.

Ал екінші дүниежүзілік соғыс 1945 жылдың 2 қыркүйегінде Кеңес Одағының жапониялық Квантун армиясын жеңуімен аяқталды.

## ГАЗЕТТІҢ ТҮРІК ТІЛІНДЕГІ ҚОСЫМШАСЫ



## Ahmet Yesevi Üniversitesi Akademisyenlerinden Oluşan Heyet, Mütevelli Heyet Başkanımız Prof. Dr. Muhittin Şimşek'i Ziyaret Etti



Ahmet Yesevi Üniversitesinde çeşitli fakültelerde görev yapan ve akademik değişim programları kapsamında Türkiye'de bulunan Akademisyenler Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Muhittin Şimşek'i ziyaret etti. Ziyaret kapsamında, Prof. Dr. Şimşek, akademisyenleri Türkiye'de

görmekten duyduğu memnuniyeti dile getirdi ve gerçekleştirilen projeler ile çalışmalar hakkında bilgi verdi. Akademisyenlerin duygu, düşünce ve taleplerini dinleyen Prof. Dr. Şimşek'e, Genel Sekreter Ahmet Şevki Zengin ve Mütevelli Heyet Başkanlığı idari personeli Halil Ulusoy eşlik etti.

## Hacettepe Üniversitesi Türkiyat Araştırmaları Enstitüsü Müdürü Prof. Dr. Yunus Koç, Ahmet Yesevi Üniversitesinde "Türk Hukuk Tarihinin Kavramları" Konulu Konferans Verdi



Ana Yurttan Ata Yurda Eğitim Köprüsü programı çerçevesinde Üniversitemize teşrif eden Hacettepe Üniversitesi Öğretim Üyesi Prof. Dr. Yunus Koç, Ahmet Yesevi Kütüphanesi Konferans Salonunda öğrencilerimizle bir araya geldi.

Yaklaşık bir saat boyunca devam eden konferansta; Türk Tarihinin genel hatları, tarih boyunca kurulmuş olan Türk devletlerinde hukuk ve sosyal hayat, Osmanlı İmparatorluğunun kuruluş süreci ve Osmanlı ile Türkistan Hanlıkları arasındaki ilişkiler gibi konular ele alındı.

Yoğun bir katılımıla gerçekleşen konferans, devamında yapılan soru cevap programının ardından sona erdi.

Prof. Dr. Yunus Koç, gün içerisinde üniversitemizin diğer fakültelerinde de konferanslarına devam edecek.

## Ahmet Yesevi Üniversitesinde Uluslararası «Altın Orda ve Mirası» Konferansı Düzenlendi

Üniversitemizde Uluslararası "Altın Orda ve Mirası" Konferansı Düzenlendi

Bugün, Kazakistan Bilim ve Yükseköğretim Bakanlığı, Türkistan Valiliği ve üniversitemiz tarafından düzenlenen "Altın Orda ve Mirası" konulu uluslararası konferansın açılış töreni gerçekleştirildi.

Konferansa Kazakistan, Azerbaycan, Belarus, Çin, Türkiye, Rusya, Özbekistan, Moğolistan, Mısır, Katar, Kuveyt'ten ünlü bilim insanları, uzmanlar katıldı.



## Kazakistan Cumhuriyeti Sağlık Bakanı Akmaral Elnazarova Hastanemizi Ziyaret Etti



Ahmet Yesevi Tıp Fakültesi Hastanesini ziyaret eden Kazakistan Cumhuriyeti Sağlık Bakanı Akmaral Elnazarova hastanede incelemelerde bulundu. Ahmet Yesevi Üniversitesi Rektörü Dr. Janar Temirbekova ve Tıp Fakültesi Hastanesi Başhekimisi Uzm. Dr. Mehmet Ziya Genç'er'den

hastane hakkında bilgiler alan Ahmet Yesevi Üniversitesi Hastanesi'nin başarılarını daha da ileriye taşıyacağına inancının tam olduğunu belirterek Sağlık Bakanlığı olarak Kazak-Türk Üniversitesi Hastanesi'nin faaliyetlerinden memnuniyet duyduklarını ve destekleyeceklerini söyledi.

## Ahmet Yesevi Üniversitesi Akademisyenlerinden Oluşan Heyet, Mütevelli Heyet Başkanımız Prof. Dr. Muhittin Şimşek'i Ziyaret Etti



Ahmet Yesevi Üniversitesinde çeşitli fakültelerde görev yapan ve Türkiye'de bulunan Akademisyenler Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Muhittin Şimşek'i ziyaret etti. Ziyaret kapsamında, Prof. Dr. Şimşek, akademisyenleri Türkiye'de görmekten duyduğu memnuniyeti dile getirdi ve gerçekleştirilen projeler ile çalışmalar hakkında bilgi verdi. Akademisyenlerin duygu, düşünce ve taleplerini dinleyen Prof. Dr. Şimşek'e, Genel Sekreter Ahmet Şevki Zengin ve Mütevelli Heyet Başkanlığı idari personelleri Burçin Erdal ve Halil Ulusoy eşlik etti.

## Hasbihal Programlarının 7.si T.C. Cumhurbaşkanlığı İdari İşler Başkanı Doç. Dr. Metin Kıratlı'nın Katılımıyla Cumhurbaşkanlığı

Hasbihal Programlarının 7.si T.C. Cumhurbaşkanlığı İdari İşler Başkanı Doç. Dr. Metin Kıratlı'nın Katılımıyla Cumhurbaşkanlığı Millet Kütüphanesinde gerçekleştirildi. Programa Ahmet Yesevi Üniversitesi bursu ile Türkiye'de Yüksek Lisans ve Doktora yapan öğrenciler katıldı. Doç. Dr. Metin Kıratlı tecrübe paylaşımı yaparak öğrencilerle buluşmaktan dolayı duyduğu memnuniyeti dile getirdi. Prof. Dr. Muhittin Şimşek, programın sonunda Sayın Kıratlı'ya Kazak Milli Giysisi Çapan giydirerek teşekkürlerini ilettiler. Program hatıra fotoğrafı çekimiyle sona erdi.



## Ahmet Yesevi Üniversitesi ile Kırgızistan Manas Üniversitesi Arasında İş Birliği Anlaşması İmzalandı



Üniversitemiz Rektörü Dr. Zhanar Temirbekova, Kırgızistan Manas Türk-Kırgız Üniversitesine yaptığı özel ziyarette, Prof. Dr. Alpaslan Ceylan ile iş birliği anlaşması imzaladı.

Zhanar Temirbekova, "Yenilenen iş birliği anlaşması yeni projelerin hayata geçirilmesinin önünü açacaktır ve iki üniversite artık Türk dünyası ve insanlığa fayda sağlayacak birçok modern ortak projeye imza atacaktır." dedi.

Manas Üniversitesi Rektörü Alpaslan Ceylan, Ahmet Yesevi Üniversitesi ve Manas Üniversitesi'nin Türk dünyasında bilim insanlarına en çok yatırım yapan yükseköğretim kurumları arasında olduğunu vurguladı.

Ayrıca Alpaslan Ceylan, iki üniversitenin iş birliğinden kaynaklanan sinerjinin Türk dünyasının birliğine ve yüksek öğrenim sisteminin gelişmesine hizmet edeceğini ve Türk dünyası gençlerinin en iyi eğitimi almasını sağlayacağını söyledi.

## ӨНЕГЕ

## Ұлы Отан соғысы туралы қызықты тарихи 10 дерек

Ұлы Отан соғысы осыдан тура 80 жыл бұрын 22 маусымда басталған. Тарихтан өз орнын ойып алған оқиға туралы қызықты деректерді бірге қарайық.

1. Берлинге тасталған алғашқы бомбадан бірде-бір адам зардап шекпеген. Бомба хайуанаттар бағының үстіне түсіп, бір піл ғана мертліккен.
2. Ұлы Отан соғысының тарихында екі Гитлер бар. Немістерге қарсы соғысқан кеңестік бір солдаттың тегі де Гитлер болған. Кейін Гитлер болып өзгертілген деген деректер бар.
3. Гитлер Сталинді емес, диктор Юрий Левитанды өзінің жауы деп санаған.
4. Гитлер диктор Левитанның басын алған адамға 250 мың неміс маркасын беруге уәде берген.
5. Соғыста 60 мыңнан астам ит қызмет еткен.
6. 18 жыл бойы КСРО-да Жеңіс күні тойланған жоқ
7. Кеңес үкіметі неміс тұтқындарына әлдеқайда дұрыс күтім көрсеткен.
8. Ұлы Отан соғысы кезінде кеңестік 667 баланы құтқарып қалған кісінің есімін айтуға тыйым салынған.
9. Адольф Гитлердің Wolf (қасқыр) деген лақап аты болған
10. Соғыс 1418 күнге созылған



## ЖЕҢІС КҮНІ - ТАРИХТАН СЫР ШЕРТЕДІ

Жеңіс күні - сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгілік қалатын күн. Бұл күнді соғыстың алғы шептерінде қайсарлықпен шайқас жүргізіп, ерліктің сан үлгісін көрсеткен ардагерлер тойлайды. Бұл мейрамды өздерінің тылдағы қажырлы еңбегімен жеңісті шыңдаған, станоктың қасынан, егін даласында, күні-түні мал бағып, тынымсыз жұмыс істеген жұмысшылар, ауыл адамдары тойлайды. Бұл мейрамды біздің аяулы да даңқты әйелдеріміз - өздерінің әкелерін, ерлерін, ұлдарын және сүйіктілерін көзінен жасы сорғалай жүріп төзімділікпен күткен, олардың орнын жоқтатпаған аналар мен жұбайлар, қалыңдықтар мен қыздар тойлайды. Бұл мейрамды өздерінің әкелері мен ағалары қанын төгіп, жанын қиып бақытты өмірін қамтамасыз еткен Ұлы жеңістің құрдастары тойлайды. Ұлы Жеңіс күні елі мен жері үшін жанын пиде еткен, туған-туысқандарына, жақын-жарандарына, туған жеріне, ауылына оралмай қалған қаһарман ерлерді бүкіл елі болып еске түсіреді.

Бұл мейрамды бұрынғы кеңес одағына кірген 15 одақтас республика халқымен бірге, кеңес халқы неміс басқыншыларынан азат еткен Еуропа елдерінің Варшава мен Прага, Будапешт пен Бухарестің, София мен Белградтың, Париж бен Венаның, жер шарының басқа да көптеген қалаларының тұрғындары тойлайды.

Ұлы Отан соғысы халқымызға төнген ең ауыр күндер болды. Төрт жыл, 1418 күн мен түн бойы өз жері мен отаны үшін, келешек ұрпақ үшін жан қилы соғыс жүріп жатты.

Бір күшке жиналған орыс пен тәжік, грузин мен белорус, қазақ пен украин қарсы алдындағы жауға алмас қамал болып жұмылды...

Сол кездегі Кеңес Одағының басқа халқымен бірге жауды талқандап, жеңіске жету ісіне қазақ халқы да өзінің лайықты үлесін қосты. Қазақстандық жауынгерлер Брест қамалынан бастап Берлинге дейін барды. Олар Сталинград түбіндегі жертөлелерде, Днепр өткелінде, Москва мен Ленинград үшін болған ұрыстарда батыр ерліктер көрсетті. Украинаны, Кавказды, Белоруссияны, Қырымды, Прибалтиканы азат етті, Польша, Румыния, Венгрия, Чехословакия, Болгария, Германия жерлеріндегі майдан жолдарында жеңіс туын көтеріп өтті. Ұлы Отан соғысы жылдарында біздің қандастарымыз қатыспаған бірде-бір үлкен шайқас болмады.

Қазақ ел басына күн туғанда жалғыз жанын қу шүберекке түйген жауынгер халық болған. Ұлан байтақ даласының бір тұтам жері үшін қорқу деген сезімді жүрегінен жұлып алып тастаған. Тіпті арыға бармай-ақ кешегі Ұлы Отан соғысының әлі сарғайып үлгермеген қатпарлы парақтарына үңіліп қарасақ қазақтардың қанды қырғында қаймықпай соғысқанына анық көзіміз жетеді. Оған мысал айқас алаңдарында өшпес ерлік жасаған жүз қазақтың (ең соңғысын арада 50 жыл өткен соң Бауыржан Момышұлы алды) Кеңестер Одағының батыры атағын алғанын айтсақ та жетеді. Бұны сол кездегі 2,5-3 млн. қазаққа шаққанда басқа халықтардың алдына шығып кетеді екен. Ердің ері шыдайтын жаңбырша жауған оқ пен қарша бораған бомбаның арасында олардың нәзік жүректері тасқа айналып, гүл ғұмырлары ажалдың қанды тырнағына ілікті.

Сол бір сұрапыл жылдары қазақ халқы өзінің Отанына, жеріне деген патриоттық сезімін, ұлттық мақтанышын дәлелдеді. 500 ден аса жерлестеріміз, оның ішінде 96 қазақ Кеңес Одағының Батыры атағын алды. Жауға қарсы шайқастар алдыңғы шептегі ұрыстарда ғана емес, алыстағы ауыл мен кең байтақ далада да жүріп жатты. Сол жылдары Қазақстан миллиондаған босқындарды өз бауырына аналық мейіріммен тартушы, эвакуацияланған завод пен фабрикаларға, майданға керекті оқ -дәрі мен азық-түлік жеткізуші үлкен арсеналға айналды.

Ешқашанда жауынгер ерлігі мен жеңісті еңбегімен соққан еңбекшінің ерен ерліктері ұмытылмайды. Бүгінде біздің азаматтық міндетіміз – болашақ ұрпақты Отанын сүйуге, елінің, жерінің адал патриоттары, достық пен бірлік туралы түсінік беру арқылы отансүйгіштікке тәрбиелеу.

Аружан НҰРЛЫБЕКҚЫЗЫ,  
2-курс студенті

<p><b>Ясауи университеті</b> УНИВЕРСИТЕТ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ҮНІ</p>	<p>Медиа және PR орталығы</p>	<p>Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және кері қайтарылмайды. Редакцияға жолданған хаттар 1,5 машинкалық беттен аспауы тиіс. Автордың пікірі, мақалалары, ашық хаттары мен үндеулері редакцияның көзқарасын білдірмейді. Кейбір суреттер интернеттен алынды</p>	<p>Газетті есепке қою туралы №11180-Г куәлікті 2010 жылы 4 қазанда Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат министрлігі берген.</p>
<p>Газет 1995 жылдан шыға бастады</p> <p>Меншік иесі: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</p>	<p>Тілшілер: Журналистика студенттері</p> <p>кафедрасының</p>		
<p>Редактор: Жанар Бейсенбаева</p>	<p>Фото маманы: Нақып Шынтеміров</p>		<p>2019 жылдың қаңтарынан бастап «Ясауи университеті» газеті электрондық және интернет форматында шығарыла бастады.</p>
<p>Редакция мекен-жайы: 161200, ОҚО, Түркістан қаласы, Б.Саттарханов № 29, бас оқу ғимараты 216-кабинет. Байланыс телефоны: 8 /72533/ 6-38-13, ішкі (1020) Эл.пошта: a.yassau@mail.ru</p>			